

Бекітемін
ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы»
меңгеруші: **Исбаева Н.М.**



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **бөбекжай-балабақшасы «Дарын»**
Топ: **ортаңғы «Еркетай»**
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.03 - 08.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні Курманбаева Ж.К.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Отбасында баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде	

кітаптарды қарау және басқалар)	дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.	мекендеушілерді күте білу.	су құю.	орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру.	
	<p>Сюжетті суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Көктем" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>	<p>Санамақтар айтқызу. Дүйсенбіде доп ойнадық корада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік. Жексенбіде үйде болып демалдық, Осылайша өте шықты бір апта. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Судың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қонжық". Мақсат-міндеттер. Балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктер аясын кеңейту, қонжықтың дене құрылысы жөніндегі білімдерін пысықтау.</p>	
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды. 2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. <ol style="list-style-type: none"> 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 				

	<p>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым!</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Армысыз, қайрымды Аспан ата! Армысыз, мейрімді Жер -</p>	<p>"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге!</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	

	Арайлап атқан күнге! (сөйлеуді дамыту)	Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн! Қуан, шаттан, алақай! (сөйлеуді дамыту)			
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Таза бұлақ". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету.	Дене шынықтыру "Көктемгі жылғалар". Мақсат-міндеттер. Балаларды доғаның астымен өрмелеуге; тепе-теңдікті сақтай отырып тура жолмен жүруге үйрету; балаларды жануарлардың қимылдарына еліктеп, қимыл ойындарын ойнауға қызығушылықтарын ояту.	Музыка "Аялайық, аналарды бәріміз!" Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын,	Дене шынықтыру "Таза бұлақтай таза болайық!" Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеуге; тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтауға үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу дағдыларын пысықтау.	

			оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.		
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Көктем келді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: көктем туралы ойларын бекіту, табиғаттағы өзгерістерге назар аудару. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға жем беру). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: табиғат объектілеріне көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ағын арқылы", "Таяқша".</p>	<p>Табиғат өзгерістерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қарды белгілі бір жерде жинау) (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекке баулу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ең епті!", "Ең жылдам!" (дене шынықтыру)</p>	<p>Көгершіндерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту.) (еңбек</p>	<p>Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: пошташының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту; еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау.) (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: қызығушылықтарын бағындырып, бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту, жауапкершілік сезіміне</p>	

	<p>(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің нұсқауы бойынша тез әрекет етуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, балаларды ойын жағдайына сәйкес қимылдауға; жылдамдық пен ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жылан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: заттарды құлатпай, олардың арасында «жылан» сияқты жүруді жалғастыру; зейін мен бақылауды дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту; топтың орындау дағдыларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Басқаға бер". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты лақтыру және қағып алу - ептілікті дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p>	<p>дағдылары) Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет", "Жапалақ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, жиі қадамдар жасауды, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: оңға, солға, айналаға бұрылыстармен секіру жаттығуларын жасау.</p>	<p>тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн қояндары", "Қаздар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылдарды үйлестіруді дамыту; жалпыға ортақ іс-әрекеттерді жасай білуге жаттықтыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p>Түскі ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап</p>				

	<p>жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу</p> <p>"Тамшылар".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды көлденең сызықтың "шатырдың" бойымен солдан оңға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл</p>	<p>Драматизация.</p> <p>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегісін суреттерді қолдану арқылы сахналау.</p> <p>(көркем әдебиет)</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</p> <p>"Ақшақар".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</p> <p>"Көктем келді суретімен танысу".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін</p>	

	<p>тамшылар тізбектерін салуда жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету.</p> <p>"Гүлдер" имитациялық ойыны.</p> <p>- Балалар, бәріміз гүлдер боламыз. Менің айтып отырған сөздерім бойынша қимылдарды жасайсыңдар. Балалар «гүлдерге» айналады (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты (оң қолдарын жоғары созады), сонан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады), тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен</p>	<p>"Судың қасиеті".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жылғаларды бақылай отырып, одан ағатын судың ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.</p> <p>Судың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>тыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру.</p> <p>"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, бақылауды, есте сақтауды жаттықтыру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>пысықтау.</p> <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</p> <p>"Көктем тамшылары".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	
--	--	---	---	---	--

	<p>жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. Педагог балалардың қимылдарды дұрыс жасауларын қадағалап отырады.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Саусақ жаттығулары Бас бармақ бастық екен, Сұқ саусақ сақтық екен, Ортан қол ойшыл екен, Аты жоқ саусақ тойшыл екен, Ал шынашақ еңбекшіл қойшы екен. Бастық басқар, сақтық сақтар, Ойшыл ойла, тойшыл тойла. Саусақтарды бүгеміз, Саусақтарды бүреміз. Бүгіп , бүріп саусақты, Сергіп қалдық, міне, біз. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>"Көктем" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Көктем" (Көмек Ыбыраев) Бұлбұл сайрап шат үнді, Ну тоғайға шақырды. Таудан аққан өзен де Бар даусымен "ақырды". Жайраңдасып жас-кәрі, Құстар келе бастады. Қыс киген ақ шапанды, Көктем жыртып тастады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>"Қызғалдақ" өлеңін жаттау Қырқалардың төрінен Қаулап көзге ұрады. Қызғалдақтар өңірді Қып-қызыл ғып тұрады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Бәрін байқау" (елеу, көру). Мақсат-міндеттер. Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 секунд ашып тұрып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды қайтадан 8-10 секунд ашып тұрып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез-келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 секунд көрсетіңіз. Балалардан қандай заттарды орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың</p>	

				түсін айтып беруді сұраңыз.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.			
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, ауа райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының</p>			

	<p>атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу."</p>	<p>Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".</p>	<p>"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әңгімелесу.</p>	<p>Жаднама. "Отбасына жағымды атмосфера сыйлау".</p>	